

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29.05 - 02.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				Ойыншықтарды ретке келтіру (тәрбиешімен бірге). Мақсат-міндеттер: балаларға ойын сөрелеріндегі реттілікті сақтауға, ойыншықтарды орнына қоюға үйрету. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне дұрыс қарауға, су құйғыштың тұмсығын өсімдік өскен ыдысқа тіреп, суаруға баулу. (еңбек дағдылары)
				Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. (музыка) "Шапалақты тыңда" ойыны.	Саусаққа арналған жаттығу: "Сәлем". Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (Екі қолдарын

				Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. (дене шынықтыру) Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Адасқан құмырсқа" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, шыдамдылық пен	айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және бақшада (Екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан- жаққа аша «күн» жасайды). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте
--	--	--	--	---	--

				адамгершілік, достық сезімдеріне тәрбиелеу; есте сақтау қабілетін дамыту; тілдік қорын молайту; өз ойын ашып айтуға үйрету.	сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу: "Достық". Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос, (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіру, босаңсыту) (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына				

	Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.	"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				Сурет салудан ойын-жаттығу "Көрікті қала" Мақсат-міндеттер: Негізгі түстерді тануды үйретуді жалғастыру; балаларға сурет салу тәсілдерінің алуан түрлілігі жайлы түсінік беру; түсті құммен сурет салуды, түстер гаммасын таңдауды үйрету; түстерді қабылдауды, қолдың қимыл координациясын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу, туған қаласының сұлулығына жағымды эмоцияларын ояту. Қоршаған ортамен	Музыкадан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ - жайдарман" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Жарқын түсті кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру
---	--	--	--	--	--

			таныстырудан ойын-жаттығу "Кемпірқосақта қонақта" Мақсат-міндеттер: Табиғат құбылысы - кемпірқосақпен таныстыру; қоршаған әлемнің түстерінің әртүрлілігіне эмоционалдық сезім тудыру; түс атауы (қызыл, сары, жасыл, көк) туралы білімдерін бекіту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін, табиғат сұлулығын көре білу табиғатты құрметтей білуге тәрбиелеу.	қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			

Серуен				Көшеде кетіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға жеңіл және жүк көлігін ажырата білуге үйрету, байқағыштықты дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу. Балалармен көшеде кетіп бара жатқан көліктерді қарастыру, оларды жүк, жеңіл көліктерге жіктеуді үйрену. Жұмбақ жасыру. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді,су ішеді. Бұл не екен балалар? (Көлік.)	Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету, балалардың назарын және есте сақтауын дамыту. Балаларға сұрақтар: - Балалар, торғай қандай? - Ол немен коректенеді? Шоқиды ма, жейді ме? Неге? - Қалай дыбыстайды? Торғай – кең далада тіршілік ететін әнші құс. Денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрышты, қанаты ұзын, сұрғылт, боз
--------	--	--	--	--	--

				Еңбек әрекеті: учаскені ұсақ бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу. "Көліктердің дыбысын ажырат" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, есте сақтау қабілетін арттыру, байқампаздыққа баулу. Әр түрлі көліктердің дыбыстарын тәрбиеші балаларға тыңдатқызады. Балалар ажыратуға тырысады. "Көлік пен торғайлар" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	түсті болып келеді. Тақпақ. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. Еңбек әрекеті: учаскедегі гүлзарларды тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. "Жапалақ" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру;
--	--	--	--	---	--

				Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5	тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып
--	--	--	--	---	--

				айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Балалардың еркін ойыны.	айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс. (Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды дамыту (бір-біріне итерместен жүгіру).
--	--	--	--	---	--

					Балалардың еркін ойыны.
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетін қалыптастыру, үстел үстіндегі өз-өзін ұстау ережелерін үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Енді ояңдындар, төсектен тұрындар. Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанымызды уқалаймыз. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				"Кім қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөйлеуді дамыту, сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету. Құрал-жабдықтар: жануарлардың	"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету.

				ойыншықтары: әтеш, торай, балапан, мысық, күшік. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға аудиожазба арқылы жануарлардың дауыстарын тыңдатқызады. Тәрбиеші: - Кукареку! Бұл не? Қандай дыбыс шығарып тұр. Бұл әтеш. - Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол қандай? жалқау. - Шик-шик... Бұл не? Балапан. Ол не істейді? Шикылдайды. - Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Мяулайды. - Ав-ав... Бұл не? Ол не істейді? Үреді. (сөйлеуді дамыту)	Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз (үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді?(қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) " - - Ия, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны
--	--	--	--	---	--

			"Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды жалпы белгілер бойынша жіктеуге үйретуді жалғастыру, диалогтық сөйлеуді дамыту, өзара көмек сезіміне тәрбиелеу, балалардың сөздік қорын кеңейту, сенімділіктерін арттыру. Құрал-жабдықтар: дүкенде сатып алуға болатын барлық ойыншықтар, сөрелер, сөмкелер, ақша. Тәрбиеші балаларға ойыншықтар дүкенін ыңғайлы жерде орналастыруды ұсынады. Сатушы тәрбиешінің өзі, сатып алушы балалар	қуыршақ жасады? -Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)
--	--	--	---	---

				болады. Сатып алушылар дүкенге ойыншықтар үшін келеді, таңдайды, төлейді. Ойын барысында тәрбиеші балалардың дүкендегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуіне назар аударуы керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	
Балалармен жеке жұмыс				"Көліктерге арналған түрлі-түсті жолдар" ойыны. Мақсат-міндеттер: түске назар аудара отырып, сурет салуды үйрену, сөздік қорларын толықтыру. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай

					ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен				Көліктерді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың назарын кешке балабақшаға келетін көліктерге аудару; байқағыштыққа тәрбиелеу. Бұл көліктердің	Торғайды бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен

				көпшілігі -жеңіл көліктер. Жеңіл көліктер жайлы мәлімет беру. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды.	торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. "Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті
--	--	--	--	---	--

				Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болындар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет	бағдарлауға баулу. Алғашында "мысық" рөлін педагог атқарып, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады; бұл жер "торғайлардың ұясы". Педагогтің: "Торғайлар, ұшындар! Жемді шоқындар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып, жемді шоқығанын" көрсетіп, ойнайды. Педагогтің: "Абайландар, мысық ыршып алмасың!"
--	--	--	--	---	--

				тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. Еңбек тапсырмасы: құраған жапырақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	(дегенге - балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді. Балалардың белгілі орынға жүгіру барысында, олардың арасынан қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Құралдары: "мысыққа" - маска, "торғайларға" медальондар. Еңбек тапсырмасы: құмды құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу.
--	--	--	--	--	---

					Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)				Ата-аналарды "Серуендеуге арналған ойыншықтар" науқанына қатысуға шақыруды ұсыну.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы ата-аналармен әңгіме.